

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектептің
эстетикалық пәндер бірлестігінің
2024-2025 оқу жылының**

ХАТТАМАСЫ

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны эстетика әдістемелік пән бірлестік мүшелері
қатысуымен болып өткен отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

24.08.2024жыл

Қатысқандар – 9

Қатыспағандар - 0

Қаралды:

1. 2023-2024 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін
ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау
хатты талқылау.

- a) негізгі орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері;
- ә) жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері.

3. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед жүктемені бөлу;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
4. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстыру;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
6. Қабілетті оқушылардың жоспарын бекіту;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
7. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова

Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылына эстетика пәні бірлестік жетекшісі болып эстетика пәні мұғалімі
Толемисова Рахия Макулбековна бекітілді. Әдістеме бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары жасалынып бекітілді.

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Толемисова Р.М алып, бірлестік мүшелерін жаңа
оқу жылымен құттықтап. 2023-2024 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың
қорытындысын баяндады. 2023-2024 оқу жылында эстетика пәні бірлестігінде
«Сындарлы оқытуды сабақта пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық
қабілеттерін арттыру» деген тақырыпта жұмыс атқарды. Әдістемелік бірлестіктің аталған
тақырыптағы жоспарланған жұмысы, әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы
білім беруді мақсат еткен.

Биылғы жылы 2024-2025 оқу жылының эстетика пәні бойынша педагогтар
Әбжаппарова А, Урозов О, Момбеков Б, Үмбеталиева М, Толемисова Р, Толемисова
М, Айтуғанова Н, Нахылбаева З болып табылады.

Осы эстетика пәні мұғалімдермен «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен танысып өт

Келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алып, мұғалімдердің сабақ жүктемесімен таныстырылды. Оларға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасаланып, талқыланып бекітілді. Эстетика пәні бірлестігінің мұғалімдері тізімі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Сабақ беретін сыныптар	Факультатив	Үйде оқыту	Барлығы сағаты
1	Айтуғанова Нұргүл	2,3,4			
2	Толемисова Рахия	5,6			
3	Толемисова Маржан	5,6,7			
4	Урозов Алым	5,6,7,8			
5	Әбжаппарова Ақсауле	6,7,8		0,5	
6	Момбеков Бауыржан	6,7,8			
7	Үмбеталиева Мария	7,8,9		1сағ	
8	Үмбет Айзада	5,6			
9	Тасибекова Айман	8,9			
10	Нахыпбаева Зәуре	2,3,4,5			
11					

Оқу жылы ағымындағы пән апталығын өткізілу кестесімен таныстыру – оқу ісінің орынбасарымен дайындалған пән онкүндігінің кестесі ақпан айына қойылғаны ескертілді.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру – былтырғы оқу жылындағы ережеден өзгерістер жоқ екені айтылды.

Қабілетті оқушылар тізімі алынып, нақтылау жұмысы жүргізілу керек екендігі айтылды. Келесі мәселе бойынша пән мұғалімдері қабілетті оқушылармен жүргізілетін жұмыстарына тоқталды. Бізге мәлім, әр сыныптағы балалардың жас шамасы қатар болса да, түсінуі, құбылысты қабылдау қабілеттері әр түрлі. Мысалы: біреуі сыпайы, тәртіпті, тіл алғыш, сезімтал, бір нәрсені тез меңгеріп кете алса, енді біреуі жалқау болып келеді. Өйткені олар әр отбасыдан, түрлі дайындықпен келеді. Соның нәтижесінде әр сыныпта аз да болса (білім дәрежесі төмен) сабаққа ынтасы төмен, үлгермейтін оқушылар кездеседі. Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізу – мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Бұл міндетті орындау үшін біріншіден, оқу сапасын арттырып, теория мен практиканы ұштастыра отырып, әр уақытта газет-журналдарда жарияланған методикалық жаңалықтарды, озат тәжірибелі, жаңашылдар әдісін сабақтарда мүмкіндігінше пайдалану керектігі айтылды. Сабақ үстінде үлгерімі төмен оқушылардан жиі-жиі сұрау, сабақта

жолдастарының берген жауаптарын жиі қайталатып, өз қателерін түзеттіру, сол пәнді өте жақсы білетін жолдастарының көмегін ұйымдастыру, жеңілдетілген тапсырмалары бар кеспелер, қызықты тапсырмалар беріп, көбірек іске тартып белсенділіктерін арттыру сияқты жұмыстарды үзбей жүргізіп отыру. Қабілетті оқушыларға жұмыс жоспарларын 15 қыркүйекке дейін анықтап, бекітуге тапсырма берілді.

Біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту мәселесі бойынша осы оқу жылына Толемисова Р, Төлемісова М, Үмбет А, Урозов О курстарға қатысу міндеттілігі айтылды.

Біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесі жасалынды. Кесте бойынша 2024-2025 оқу жылында Төлемісова М педагог-модератор санатынан педагог-сарапшы санатына, Толемисова Р, Урозов О, Үмбет А педагог-сарапшы санатынан педагог-зерттеуші санатына өтініштерін берді.

ӘБ жетекшісі:  Толемисова Р.М

« № 136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
эстетика әдістемелік бірлестік мүшелерінің қатысуымен 2024 жыл- 5 қарашада
болып өткен отырысының

Хаттама 2

Қаралды:

Қатысқандар - 7
Қатыспағандар-жөк

1. Мұғалімнің шығармашылығы туралы(баяндама)

Пән мұғалімі: М.Үмбеталиева

2. I тоқсандағы оқу процесінің қорытындысы;

ӘБ жетекшісі: Р.Толемисова

3. Қабілетті оқушыларды байқауларға дайындау мәселелері;

ӘБ жетекшісі: Р.Толемисова

4. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін
нақтылау;

ӘБ жетекшісі: Р.Толемисова

5. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Р.Толемисова сөз алып, I тоқсандағы оқу процесінің қорытындысына тоқталып өтті. Әр сынып бойынша оқушылардың пән бойынша көрсеткіші көрсетілді. Пән бойынша әр сыныптың көрсеткіші қанағаттанарлық деңгейде екендігі анықталды. Көркем еңбек пәні 5 – 6 сыныптарда аптасына екі сағат өтілгендіктен тоқсан соңында есептелінді деп қойылды. Көркем еңбек пәні 7 – 9 сыныптарда аптасына бір рет өтілгендіктен есептелінді деп I жарты жылдықта қойылатындығы ескертілді.

Келесі мәселеде көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Үмбеталиева «Мұғалімнің шығармашылығы туралы» тақырыбында баяндамасын оқыды.

Келесі мәселеде қабілетті оқушыларды түрлі байқауларға қатыстыру қорытындысына тоқталды.

Алдағы болатын байқауларға оқушыларды қатыстырып отыру пән мұғалімдеріне жауапкершілік жүктелді.

Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау.

Келесі мәселе бойынша ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау жайында ӘБ жетекшісі сөз қозғады. Әр пән мұғалімі өзінің жетекшілік ететін оқушыларымен үзбей жұмыс істеп келе жатқандықтарын тілге тиек етті.

Болашақта оқушылар сол шығармаларын өз деңгейінде қорғап шыға алатындай жұмыс жүргізу керектігін ескертіп өтті.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. «Мұғалімнің шығармашылығы туралы» тақырыбында жасалған баяндама құнды деп табылсын;
2. I тоқсандағы оқу процесінің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
3. Түрлі байқауларға оқушыларды қатыстыру үшін оқушыларға дайындық жұмыстарын пән мұғалімдері жүргізсін;
4. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау, оқушылардың мектепшілік ғылыми-шығармашылық жобаға қатыстырылуы және жұмыстардың тиянақталынуы жетекшілеріне міндеттелінсін;

Жиналыс төрағасы *Мол* Р.М Толемисова
Жиналыс хатшысы *Ал* Н.І.Айтуғанова

№136 жалпы орта білім беретін мектебінің 2025 жылдың 7-қаңтар күні эстетика әдістемелік бірлестік мүшелерінің қатысуымен болып өткен отырысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар- 6

Қатыспағандар -0

Күн тәртібінде

Қаралды

1. I жартыжылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау,есеп беру;
ӘБ жетекшісі Р. Толемисов
2. I жартыжылдық бойынша эстетика пәндерінің үлгерім қорытындысы,
ӘБ жетекшісі Р. Толемисов
3. Баяндама: «Жаңа технология элементтерін сабақта тиімді пайдалану»
М.Төлемісова
4. Мұғалімнің санатын жоғарылату мәселесі бойынша жұмыс нәтижелері;
ӘБ жетекшісі Р Толемисов.

5.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Р. Толемисов алып, бірлестік мүшелерін I жарты жылдықтың аяқталуымен құттықтап, әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің I жартыжылдық бойынша есебіне тоқталды. 2024-2025 оқу жылында әдістемелік бірлестік «Оқу тәрбие процесін ізгілендіру жаңа технологияны енгізу арқылы жан-жақты дамыған заман талабына сай тұлғаны тәрбиелеу » деген тақырыпта жұмыс атқаруда.

Мақсаты: «Сабақ өту барысында жаңа технология элементтерін қолдана отырып,оқушының жан-жақты қабілетін арттыру » Бірлестікте жалпы 6 мұғалім жұмыс атқарады. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде «Педагог- зерттеуші» біліктілік санатында –М.Үмбеталиева; Н.Айтуғанова «Педагог-сарапшы»біліктілік санатында– Р.М.Толемисова,О.Д.Урозов,А.Ж.Үмбет.
«Педагог- модератор» біліктілік санатында – М.М.Төлемісова

Бірлестік мүшелерінің қатысуымен өтетін отырыс саны-5. Отырыс жоспарлары мен жылдық жоспар жасалынып, бекітілген.

1 - мәселе бойынша ӘБ жетекшісінің I жартыжылдық қорытынды есебі тыңдалды. Пән мұғалімдері өздеріне бекітілген жүктемені уақытымен орындағандарын атап көрсетті. Оқу жылының басында әдістемелік бірлестік мәжілісінің отырыстары белгіленіп,күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер анықталды.Сонымен қатар әдістемелік бірлестіктің 2024-2025 оқу жылына арналған іс жоспары жасалынып,бекітілген жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылының басында мұғалімдердің жылдық жүктемелері бөлініп,күнтізбелік жоспарлары жасалынып,бекітілді.Сол жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Бірлестіктегі мұғалімдердің методикалық бекітілген тақырыптары бар.Сол тақырып бойынша жұмыстар жүргізілді.

Екінші жартыжылдықтағы ашық сабақтар туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектепте сыныптан тыс жұмыстар жүргізіліп отырды.Ән –саз пәні мұғалімі Нұргүл Айтуғанованың ұйымдастырумен қазан айының басында «Ұстаз – ұлы тұлға» атты мерекелік іс-шара өткізілді.Мақсаты :Ұстазға - ұлы құрмет жасау,ұстаз еңбегін паш ету.Ұстаздарды қадірлеуге,сыйлауға оқушыларды үйрету , ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.Оқушылардың ұстаз туралы әндері мен өлең жолдары айтылды.

Бірлестіктегі мұғалімдердің ұйымдастыруымен қараша айында 7-сыныптар арасында «Күз аруы» байқауы өткізілді. Қыздарымыз өздерін таныстырып, өнерлері мен қол өнер бұйымдарын көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Қараша айында бірлестіктегі мұғалімдердің ұйымдастыруымен «Аяулы алтын күз-2024» байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың тапқырлығы мен шеберлігін бақылау, күз айлары туралы білетіндерін ортаға салып, күзгі жемістерден қол өнер бұйымдарын жасап өз өнерлерін көрсетті. Осы іс-шараға қатысып керемет өнерімен көзге түскен оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

Бірлестіктегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру және саралау мақсатында бір-бірінің сабақтарына еніп отырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі І жарты жылдық үлгерім қорытындысының есебі барлық сыныптағы оқушыларға ЕСП қойылып үлгерім сапасы 100 пайызға жеткендігін айтып өтті.

І жартыжылдық соңында көркем еңбек, кәсіпкерлік және бизнес негіздері және ән-саз пәндері бойынша І жарты жылдық үлгерім қорытындысы шығарылып, Kundelik.kz сайтына қойылып отырды қалалық білім бөліміне есебі берілді, бірлестік отырысында талқыланды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Жаңа технология элементтерін сабақта тиімді пайдалану» тақырыбында М.Төлемісова баяндамасы тыңдалып талқыланды.

Келесі мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Р.Толемисова сөз алып, 2024-2025 оқу жылында біліктілік санатын жоғарылату немесе қайта бекіту үшін тестке баратын мұғалімдерге тоқталып өтті. Олар – ән-саз пәнінің мұғалімі Үмбет А. Көркем еңбек пән мұғалімдері Р.Толемисова, М.Толемісова, О.Урозов.

Сөз соңында ӘБ жетекшісі технология оқу бөлмесінің ІІ жартыжылдыққа дайын екендігін, дидактикалық материалдар мен электронды оқулықтар санын көбейту, оны сабақтарында тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғалды.

Барлық күнтізбелік жоспарлар стандартқа сай жасалғандығына тоқталды.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді:

Шешім:

1. І жарты жылдық бойынша әдістемелік бірлестік жұмыстарының есебі мен пән мұғалімдерінің есебі қанағаттанарлық деп табылсан;
2. Эстетика пәндері бойынша оқушылардың І жарты жылдықтағы үлгерім қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
3. «Оқушы жетістігін бағалаудың әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы М.Толемісованың баяндамасы құнды деп табылсын;
4. Аттестациялаудан тест тапсыруға баратын мұғалімдерге өтініш беріліп, құжаттары дайындалсын;

Жиналыс төрайымы:  Р.М.Толемисова
Хатшысы:  Н.І.Айтуғанова

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2025 жылдың 31- наурызы күні эстетика әдістемелік пән бірлестік мүшелерінің қатысуымен болып өткен отырысының

№ 4 Анықтамасы

Қатысқандар – 7

Қатыспағандар-жөк

Қаралды:

1.ІІІ тоқсан жұмыстарының қорытындысын талдау.

ӘБ жетекшісі Р.М.Толемисова

2.Эстетика бірлестігінің пән апталығын өткізу, қорытындылау

ӘБ жетекшісі Р.М.Толемисова

3. 2024-2025 оқу жылындағы аттестациядан өтетін мұғалімдерді таныстыру;

ӘБ жетекшісі Р.М.Толемисова

4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Р.М Толемисова сөз алып, ІІІ тоқсандағы оқу процесінің үлгерім қорытындысына тоқталып өтті Пән бойынша әр сыныптың пайыздық көрсеткіші « қанағаттанарлық » деңгейде екендігі анықталды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша эстетика пән апталығының өтілу барысы жайында сөз болды. 17.02.2025– 28.02.2025ж. күндер аралығында «*Өнер-қанат,білім -санат!*»тақырыбында қазақ эстетика әдістемелік пәндер бірлестігінің пән апталығы болып өтті.Апталықтың іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді.Пән мұғалімдері көрсетілген мерзім бойынша ашық сабақтарын өтті. Ашық сабақтарға мектеп басшылары, пән мұғалімдері қатысты. Пән мұғалімдері интербелсенді тақтамен , түрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып ашық сабақтар өтті. Апталықтың жұмыстары бекітіліп, қорытынды хаттамалары жазылды.

№	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Жұмыстың түрі	Сыныбы	Уақыты	Мерзімі	Пән мұғалімі
1	Бұйым дайындау	Ашық сабақ (көркем еңбек)	5 ^Е	ІІ ауыс. 4-сабақ. Каб 122	17.02.25 ж	Толемисова Р.М
2	Нобай.Идеяны жүзеге асыру.Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау.	Ашық сабақ (көркем еңбек)	9 ^Ж	І ауыс. 4-сабақ 121 каб.	19.02.25 ж	Үмбеталиева М
3	Европа халықтарының музыкалық дәстүрі	Ашық сабақ (ән-саз)	6 ^Δ	ІІ ауысым 1-сабақ 19 каб	20.02.25 ж	Үмбет А.Ж

4	Бұйым дайындау	Ашық сабақ (көркем еңбек)	5 ^Е	II ауыс. 3-сабақ 121 каб.	26.02.25 ж	Төлемісова М.М
5	Ядролық, жарылысқа жол жоқ	Ашық сабақ (ән-саз)	4 ^Е	II ауыс. 5-сабақ	27.02.25 ж	Айтуғанова А.І
6	Көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәлімет	Ашық сабақ (көркем еңбек)	6 ^Д	II ауысым 5-сабақ 113 каб.	24.02.25 ж	Урозов А.Д
7	Үстел ойындарының бөлшектерін дайындау	Ашық сабақ (көркем еңбек)	8 ^В	I ауыс. 4-сабақ Каб 113	25.02.25 ж	Әбіш. Е


28.02.25 ж. күні «**Өнер-қанат, білім -санат!**» тақырыбында оқушылардың қолдан жасалған жұмыстары көрмеге қойылып концерттік бағдарламалар өткізіп эстетика пәндер бірлестігінің апталығын қорытындылап, басшылықтан өз бағасын алды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылындағы аттестациядан өтетін мұғалімдерді таныстыру жайлы әңгіме қозғалды. Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру керектігін айтты. Сол мақсатта 2024-2025 оқу жылында педагог қызметкерлерге арналған жаңа форматтағы Ұлттық біліктілік тестке мерзімі келген 4 мұғалім Толемисова Р.Төлемісова М. Урозов О.Үмбер А баратыны ескертіліп айтылды, сұраныс беріліп мұғалім портфолиосы дайындалып отыр.

Әр түрлі мәселелер бойынша пән мұғалімдеріне сабақты өз деңгейінде жүргізу. Оқушыларды түрлі көрмелерге жарыстарға қатыстыру алдағы болатын көрмелерге оқушылардың жұмыстарын күшейту, өз деңгейінде жұмыстар жүргізу, күнделік .кз.жұмысын тиянақты жүргізу т.б мәселелер айтылып, жиналыс төмендегідей шешім етті.

Шешім:

1. III-тоқсан бойынша оқушылардың білім пайызы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Эстетика пән апталығының қорытындысы « қанағаттанарлық » деп табылсын.
2. Ашық сабақты жоғары деңгейде өткен мұғалімдер мақтау қағазына ұсынылсын.

ӘБ жетекшісі  Р.М.Толемисова

Хатшы  А.І.Айтуғанова

«№136жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналды мемлекеттік кәсіпорны эстетика пән бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысын»

№5 ХАТТАМАСЫ

28.05.2025жыл

Қатысқандар – 7

Қатыспаған -0

Қаралды:

1. II жарты жылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
2. Жылдық, IV тоқсан бойынша эстетика пәнінен үлгерім қорытындысы,
жұмысының сараптамасы және он күндік апталық қорытындысы
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
3. 2024-2025 оқу жылының болжамды сағат жүктемесін талқылау
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова

Тыңдалды :

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Р.Толемисова бастады. Бірлестік мүшелерінің II жарты жылдықтың аяқталуымен құттықтап, әдістемелік жұмыстарының қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің II жарты жылдық бойынша есебіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша жылдық, IV тоқсандағы үлгерім мен бақылау қорытындысының есебін айтып өтті. Мектепшілік жоспарға сәйкес 17.02 - 28.02.2025жыл күндер аралығында эстетика апталығы болып өтті.

1. Ашық сабақтардың өту кестесі

№	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Жұмыстың түрі	Сыныбы	Уақыты Кабинеті	Мерзімі	Пән мұғалімі
1	«Бұйым дайындау».	Ашық сабақ (көркем еңбек)	5 ^Е	II ауыс. 4-саб 122-кабинет	17.02. 25 ж	Р.Толемисова
2	«Нобай.Идеяны жүзеге асыру.Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау.»	Ашық сабақ (көркем еңбек)	9 ^Ж	I ауыс. 4-саб 121-кабинет	19.02. 25ж	М.Умбеталиева
3	«Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі».	Ашық сабақ (Ән-саз)	6 ^А	II ауыс. 1-саб 19-кабинет	20.02. 25 ж	А.Үмбет
4	«Бұйым дайындау»	Ашық саб. (көркем еңбек)	5 ^Е	II ауыс. 3-саб	26.02. 25ж	М.Толемисова

5	«Ядролық жарылысқа жол жоқ»	Ашық сабақ (ән-саз)	4 ^Г	II ауыс. 5-саб	27.02. 25ж	Н. Айтуғанова
6	«Көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәлімет»	Ашық сабақ (көркем еңбек)	6 Д	I ауыс. 4-саб 113кабинет	24.02. 25ж	О.Урозов
7	«Үстел ойындарының бөлшектерін дайындау»	Ашық сабақ (көркем еңбек)	8 В	I ауыс. 4-саб 113кабинет	25.02. 25ж	Е.Әбіш

2.Сыныптан тыс атқарылатын іс-шаралар кестесі

№	Атқарылатын жұмыстар	Сыныбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылу салтанаты Көрме ұйымдастыру Іс-жоспармен таныстыру	5-9 сыныптар		ӘБ мүшелері
2	«Концерттік іс-шара»	5-9сыныптар	28.02.25ж	Жауапты: А. Үмбет Н.Айтуғанова
3	«Жас суретші» байқауы	5-6сыныптар	20.02. 25 ж Сағ 12 ⁰⁰	Жауапты: Е.Әбіш М.Үмбеталиева
3	«Өнерлінің –өрісі кең» Шеберлік сабағы	5-6сыныптар	25.02.25ж Сағ 12 ⁰⁰	Жауапты: М.Төлемісова О.Урозов Р.Толемисова
4	Апталықтың жабылуы Оқушыларды марапаттау Қорытынды кеш	5-9сыныптар	28.02.25ж Сағ 13 ⁰⁰	ӘБ мүшелері

Сөз соңында ӘБ жетекшісі эстетика әдістемелік бірлестік жетекшісі оқу бөлмесінің жаңа оқу жылына дайындау керектігі, дидактикалық материалдар мен электронды оқулықтар санын көбейту, оны сабақтарда тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғалды.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында II жарты жылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Жылдық, IV тоқсан бойынша эстетика пәнінен үлгерім қорытындысы, жұмысының сараптамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Онкүндік апталық арасында өткізілген ашық сабақтар жақсы деп табылып, дайындық жұмыстары жандандырылсын.

ІБ. жетекшісі Мәл Р. М. Топеминова